## 2011 жылы Кербұлақ ауданы бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 06 сәуірдегі N 94 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 06 мамырда N 2-13-139 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 22 ақпандағы N 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2012.02.22 N 31 Қаулысымен.

Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру туралы" N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесі негізінде Кербұлақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар ұсыныс пен сұранысқа сай, айқындалып, жұмыссыз азаматтар үшін уақытша жұмыс орнын құру жолымен ұйымдастырылсын.

2. Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Кербұлақ аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы N 13 "2010 жылғы қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру туралы", Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылдың 09 наурызында 2-13-108 нөмірімен нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2010 жылдың 12 наурызындағы "Кербұлақ жұлдызы" газетінің N 11 санында жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Болысбай Тоғысбайұлы Момбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Н. Жантілеуов*

Ұсыныс енгізуші:

*Аудан әкімінің орынбасары* *Болысбай Тоғысбайұлы Момбаев*

06 сәуір 2011 жыл

Келісілді:

*Аппарат басшысы* *Серік Михайлұлы Мұстафанов*

06 сәуір 2011 жыл

*Аудан әкімі аппаратының құқықтық мәселелері бойынша бас маманы* *Ерлан Садуақасұлы Еркебаев*

06 сәуір 2011 жыл

*Аудандық экономика бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімінің бастығы* *Шалқыбай Молдахметұлы Төлегенов*

06 сәуір 2011 жыл

*Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы* *Айгул Тұрдахынқызы Диханбаева*

06 сәуір 2011 жыл

*Аудандық қаржы бөлімінің бастығы* *Гаухар Ақылбекқызы Мусахметова*

06 сәуір 2011 жыл

*Кербұлақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Мекебек Жамауұлы Жамауов*

06 сәуір 2011 жыл

*Кербұлақ аудандық Зейнетақы төлеу бөлімшесі* *Қуаныш Пәсепұлы Дүйсенай*

06 сәуір 2011 жыл

*Мемлекеттік мұрағатының Кербұлақ ауданының Дербес бөлімшесі* *Жарылқасын Мәуленбайқызы Удербаева*

06 сәуір 2011 жыл

Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 06 сәуірдегі N 94 "2011 жылы Кербұлақ ауданы бойынша ақылы қоғамдық жұмыстарын ұйымдастыру туралы" қаулысына қосымша

## Ұйымдардың 2011 жылға арналған тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі

| р/с | Ұйымдардың тізбелері | Қоғамдық жұмыстар түрлері | Көлемі мен нақты жағдайлары | Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері | Қаржыландыру көзі (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздар-ға әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкер-лерге арналған; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Сарыөзек, Жайнақ, Сарыбастау, Көксу, Талдыбұлақ, Басши, Жоламан, Шанханай, Қарашоқы, Шұбар, Сарыбұлақ, Каспан, Қызылжар, Қоғалы, Алтынемель, ауыл-кент округ әкімдері | ауылды көгалдандыру және абаттандыруға көмек көрсету; құжаттарды өңдеуге және жіберуге көмек көрсету | арнаулы білімі жоқ адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру; қоғамдық жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні 2 күн демалыс белгіленуі; толық емес жұмыс уақыты режимімен 5-6 сағат; еңбек қауіпсіз-дігінің сақталуы; еңбек ақының уақтылы төленуі. | Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде | Жергілікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бюджет есебінен |
| | | | Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздар-ға әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкер-лерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | "Кербұлақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесі | құжаттарды өңдеуге, жіберуге көмек көрсету | қоғамдық жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні 2 күн демалыс белгіленуі; толық емес жұмыс уақыты режимімен 5-6 сағат; еңбек қауіпсіз-дігінің сақталуы; еңбек ақының уақтылы төленуі. | Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының | Жергілікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бюджет есебінен |
| | | | Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздар-ға әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкер-лерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. | Алматы облыстық мемлекеттік мұрағатының Кербұлақ ауданының дербес бөлімшесі | құжаттарды өңдеуге, көмек көрсету | қоғамдық жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні 2 күн демалыс белгіленуі;<br>толық емес жұмыс уақыты режимімен 5-6 сағат;<br>еңбек қауіпсіз-дігінің сақталуы;<br>еңбек ақының уақтылы төленуі. | Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде | Жергілікті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бюджет есебінен |
| | Зейнетақы төлеу жөніндегі | құжаттарды өңдеуге, көмек көрсету, зейнетақы және жәрдемақы алушылардың | Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздар-ға әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкер-лерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру; | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Мемлекеттік орталығының Алматы облыстық филиалының Кербұлақ ауданындағы бөлімшесі | тұрғылықты жерін анықтауға көмек көрсету; жәрдемақы және зейнетақы алушыларға ескерту қағазын жеткізуге көмек көрсету | қоғамдық жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні 2 күн демалыс белгіленуі; толық емес жұмыс уақыты режимімен 5-6 сағат; еңбек қауіпсіз-дігінің сақталуы; еңбек ақының уақтылы төленуі. | Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде | Жергілікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бюджет есебінен |
| | Кербұлақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарла- | | Қоғамдық жұмыстар тұрақты жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын пайдаланбай, жұмыссыздар-ға әдейі арналған; толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкер-лерге арналған; арнаулы білімі жоқ адамдарды уақытша жұмысқа орналастыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | малар бөлімі үкіметтік емес (НПО) ұйымдармен ынтымақ-тастықты жақсартып бірлесе отырып жұмыстарын ұйымдастыру. | құжаттарды өңдеуге көмек көрсету | қоғамдық жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді кесте бойынша жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні, 2 жасау 5 күндік толық емес жұмыс күні 2 күн демалыс белгіленуі;<br>толық емес жұмыс уақыты режимімен 5-6 сағат;<br>еңбек қауіпсіз-дігінің сақталуы;<br>еңбек ақының уақтылы төленуі. | Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде | Жергілікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | б ю д ж е т есебінен |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК